

2025-2026 оқу жылындағы № 57 орта мектеп білім алушыларын
тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша
қаңтар айында жүргізілген жұмыстар

АНЫҚТАМАСЫ

Оқушыларды сапалы тамақтандырумен қамтамасыз ету үшін асхана жұмысына қаңтар айында кезекті мониторинг жүргізілді.

Мониторинг жүргізу барысында: асханада бекітілген төрт апталық, күнделікті ас мәзірі бар, қол қойылған, мөр басылған. Қаңтар айында ыстық тамақпен бастауыш сынып оқушылары 100%, аз қамтылған отбасылардан 21 оқушы қамтылды. Оның ішінде:

1-4 сыныптардан - 919 оқушы;

5-9 сыныптардан - 31 оқушы;

10-11 сыныптардан - 7 оқушы;

Барлығы: 720 оқушы қамтылды.

Қаңтар айында азық-түліктердің мерзімдерінің жарамдылығы, тәуліктік норма тағамдарының сақталуы мен мерзімінің көрсетілуі тексеріліп, дайын тамақтың шығу нормасы мен олардың сапасына көңіл аударылды. Мектеп асханасындағы тағамдардың сапасы мен асхана стандарттарын, азық-түліктің дұрыс сақталуын тексеріп, тамақтану орындарының жай-күйімен танысты. Комиссия мүшелері санитарлық ережелердің сақталуын, бағалар мен тиісті құжаттамаларды тексеріп шықты.


Асхана құжаттамасы талапқа сай: дайын тамақ сапасын бақылау журналы, жұмысшылар денсаулығының журналы, санитарлық кітапшалары бар.

Буфеттегі тағамдардың бағалары бекітілген прејскурантқа сай көрсетілген. Буфеттегі тағамдар түрі көбейтілген. Тамақтану үстелдеріне қасық, шанышқы салатын арнайы ыдыстар қойылған. Жуылған ыдыстардың беті жабық, арнайы сөреде жиналады.

Мектеп медбикесі күнделікті асхана тамағының сапасын, құрамын, мөлшерін тексеріп отырады. Асханада шағымдар мен ескертулер журналы қойылған. Кез келген асханаға келуші өз пікірін білдіруіне болады.

Әлеуметтік педагог:

ДТІЖО:



Алияскарова А.К

Молбаева Г.К.

Аманкулова М.А.

Астана қаласы Мәшһүр Жүсіп атындағы №57 орта мектеп асханасын
Бракеражды комиссияның қаңтар айында тексеруінен суреттер

